

**«М.Арын атындағы ҚҚОМ» КММ-нің №5 педагогикалық кеңес хаттамасының
көшірмесінен үзінді**

Өткізілу күні: 26.04.2024

Қатысқандар – 97 (педагогикалық ұжым)

Кеңес төрағасы: Ж.Т.Жанайдаров

Хатшы: Э.М.Арыстанова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. М.Арын атындағы ҚҚОМ КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Жанайдаров Ж.Т** мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып, мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері мыналар болып табылатындығын атап өтті:

- 1) Білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
- 2) Оқыту және білім беру
- 3) Білікті қызметкерлердің болуы
- 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау
- 5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны
- 2) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне
- 3) Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дайындық деңгейіне
- 4) Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау жолымен жүзеге асырылады
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

Сонымен бірге, өзін-өзі бағалау туралы 2024 жылғы 26 сәуірдегі №168А бұйрығымен бекітілген ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырды:

1. Жанайдаров Ж.Т – мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Нурсултанов Серикбай Батиканович – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
3. Рахметова Индира Темирбековна – директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары;
4. Шамова Акмарал Есенгелдіқызы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
5. Калапбергенова Бибинур Жалмуханбетовна - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

7. Идрис Мерейбек Бақтыбайұлы – физика-математика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына және білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізуге тиіс.

Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша дайындалатын есептерді атады.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша педагогикалық кеңесте шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «М.Арын атындағы ҚҚОМ» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «М.Арын атындағы ҚҚОМ» КММ-нің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2024 жылдың мамыр айының 2-31 аралығы болып бекітілсін.
3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Педкеңес төрағасы

Хатшысы:

Ж.Т.Жанайдаров

Э.М.Арыстанова